

**"Аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 1062 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 13 тамыздағы № 614 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 10 наурыздағы № 154 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.03.2026 № 154 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 1062 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 13 тамыздағы  
№ 614 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 30 қарашадағы  
№ 1062 қаулысымен  
бекітілген

**Аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары**

Кешенді жоспар Қазақстандағы мұнай-газ жобаларының іске асырылуын мониторингтеу мен басқарудың түйінді құралы болып табылады, сонымен қатар жобаларды сәтті аяқтау үшін ықтимал кідірістер мен проблемаларды уақтылы анықтауды және жоюды қамтамасыз ете отырып, жобалардың іске асырылу барысын жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласы өнеркәсіп өндірісінің жетекші салаларының бірі ретінде экономикалық дамудың негізі болып табылады және көп жағдайда еліміздің экономикалық және энергетикалық тәуелсіздігін айқындайды.

2020 – 2022 жылдар кезеңінде мұнай өндіру: 2020 жылы 85,6 млн тоннаны, 2021 жылы 85,9 млн тоннаны, 2022 жылы 84,2 млн тоннаны құрады.

Сонымен қатар еліміздегі мұнай өңдеу өнеркәсібінің басты міндеті экономикалық өсуді және ішкі нарықтың сапасы жоғары жанар-жағармай материалдарына сұранысын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл міндетті отандық 3 мұнай өңдеу зауыты орындайды: "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ЖШС, "Павлодар мұнай-химия зауыты" ЖШС, "ПетроҚазақстан Ойл Продактс" ЖШС (мұнай өнімдерінің өндірісі) және "Caspi Bitum" БК" ЖШС (битум өндірісі), жалпы өңдеу көлемі жылына 18 млн тоннаға дейін.

2020 – 2022 жылдар кезеңінде: 2020 жылы 15,8 миллион тонна, 2021 жылы 17 миллион тонна, 2022 жылы 17,9 миллион тонна өңделген.

Мұнай-газ химиясы өнеркәсібінде бүгінде бірқатар жобалар іске асырылған, олардың негізгілері: "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ЖШС хош иісті көмірсутектер (бензол, параксилол) өндірісі, "КРІ" ЖШС полипропилен, "Компания Нефтехим ЛТД" ЖШС полипропилен, "Hill Cogrogation" ЖШС жағармай материалдары, "Лукойл Лубрикантс Центральная Азия" ЖШС жағармай, "Шымкент химия компаниясы" ЖШС бензин қоспалары (метил терт-бутил эфири) және т.б. өндірісі, олардың жалпы өндіріс қуаты жылына шамамен 1,350 мың тоннаны құрайды.

2020 – 2022 жылдар кезеңінде мұнай-газ химиясы өнімдерінің өндірісі:

2020 жылы 359,3 мың тоннаны, 2021 жылы 190,1 мың тоннаны, 2022 жылы 271,4 мың тоннаны құрады.

### **Ірі мұнай-газ жобалары**

Қазақстанда 104 мұнай-газ өндіру кәсіпорны 295 кен орнын игеруде.

Еліміздің үш ірі кен орнында – Теңіз, Қарашығанақ және Қашағанда көмірсутектерді өндіру ел бойынша жалпы өндірістің 60 %-ын құрайды.

Теңіз жобасы аса ірі кеңейту жобасын аяқтау сатысында: келешек кеңейту жобасы (бұдан әрі – ККЖ), ҰЕҚБ жобасы. 2022 жылы әріптестер жобаның жаңартылған құны мен графигін мақұлдады. Акционерлер мен Қазақстан Республикасы үшін экономикалық құндылығын қамтамасыз ете отырып, жобаны келісілген бюджет пен мерзімдерге сәйкес іске қосу күтіледі. Жұмыстың жалпы прогресі – 98,8 %. Жобаның жалпы құны 46,7 млрд долларды құрайды.

Қарашығанақ кен орнын келешек игеру жоспарында өндіру деңгейін ұстап тұру жөніндегі инвестициялық жоба (бұдан әрі – ӨДҰТ) мен Қарашығанақты кеңейту – I кезең (ККЖ1) жобасын іске асыру көзделген:

Қарашығанақты кеңейту жобасы – 1А (ҚКЖ-1А).

Қарашығанақты кеңейту жобасы – 1Б (ҚКЖ-1Б).

Көрсетілген жобалардың бәрі сұйық көмірсутектерді өндірудің қазіргі деңгейін жылына 11 млн тонна деңгейінде ұстап тұруға бағытталған. Бұл жобаларды 2020 – 2027 жылдары іске асыру жоспарланған.

Қарашығанақты кеңейту жобасы (ҚКЖ-1А) қосымша 5-ші шикі газды кері айдау компрессорын енгізуді ескере отырып, сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін одан әрі ұстап тұруға бағытталған. Іске асыру кезеңі: 2011 жылғы КОТИ-ға № 18 толықтырудың бекітілген 1-ші қайта қаралуына сәйкес 2020 – 2025 жылдар. Жоба бюджеті – 970 млн АҚШ доллары. Жоба бойынша түпкілікті инвестициялық шешім 2020 жылғы 11 желтоқсанда қабылданды. Жобаны іске асырудағы жалпы прогрес – 91,8 %. Жобаның игерілген сомасы 970 млн АҚШ долларының 617,2 млн АҚШ долларын құрайды.

Қарашығанақты кеңейту жобасы (ҚКЖ-1Б) шикі газды кері айдайтын қосымша 6-шы компрессорды енгізуді ескере отырып, сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін одан әрі ұстап тұруға бағытталған. Іске асыру кезеңі:

2022 – 2027 жылдар. ҚКЖ-1Б жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім 2022 жылғы 25 қарашада қабылданды. Жобаның алдын ала бюджеті – 734,6 млн АҚШ доллары. Жобаны іске асырудағы жалпы прогрес 32,1 %-ды құрайды. Жобаның игерілген сомасы 734,6 миллион АҚШ долларының 148,9 АҚШ долларын құрайды.

Солтүстік Каспий жобасын іске асыру шеңберінде Қашағанды толық көлемде игеру тұжырымдамасы әзірленуде, оның барысында Шығыс Қашағанда мұнай өндіру тәулігіне 450 мың баррельден 900 мың баррельге дейін (II кезең) және одан әрі Батыс Қашағанда тәулігіне 1100 мың баррельге дейін (III кезең) ұлғайтылады. Бұл жобаларды іске асыру мерзімі 2027 – 2042 жылдар.

### **Газ жобалары**

Газ саласы Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік игілігінде шешуші рөл атқарады. Еліміздің газ ресурсы аса бай.

Қазақстан газ қоры бойынша әлемде 22-ші және ТМД елдері арасында Ресей мен Түрікменстаннан кейін 3-ші орында. Бекітілген алынатын қор – 3,8 трлн м<sup>3</sup>, оның ішінде ілеспе газ – 2,2 трлн м<sup>3</sup>, бос газ – 1,6 трлн м<sup>3</sup>.

Барлық барлау жүргізілген газ қорының шамамен 98 %-ы Қазақстанның батысында, оның 87 %-ы аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ конденсаты кен орындарында шоғырланған.

Өз құрылымы бойынша республикада өндірілетін газ негізінен ілеспе мұнай газы болып табылады.

Қазақстанда газ өндірудің шамамен 80 %-ын Қарашығанақ, Қашаған, Теңіз және Жаңажол жобалары қамтамасыз етеді.

Газ саласында 2022 жылдың қорытындысы бойынша ілеспе газ өндіру 53,2 млрд м<sup>3</sup>, өткізуге арналған тауарлық газ – 23,9 млрд м<sup>3</sup> (өз қажеттіліктерін есепке алмағанда) құрады, оның ішінде ішкі тұтыну – 19,3 млрд м<sup>3</sup> (2020 жылғы тұтыну – 17 млрд м<sup>3</sup>), экспорт 4,6 млрд м<sup>3</sup> құрады.

Қазақстан Республикасының аумақтарын одан әрі газдандыру және ішкі нарық сұранысын қамтамасыз ету газ саласындағы негізгі басымдық болып табылады.

Қазақстан экономикасының дамуымен бірге ішкі нарықтың газға сұранысы да үнемі артып келеді. Саны ұлғайып келе жатқан жаңа тұтынушыларды газбен қамтамасыз етуден басқа электр энергиясы жобаларын, мұнай-газ химиясы саласындағы жаңа инвестициялық жобаларды газбен қамтамасыз ету және өнеркәсіп орындарын газға ауыстыру қажеттігі туындап отыр.

Энергетикалық қауіпсіздікті сақтау және газ саласын одан әрі орнықты дамыту үшін ресурстық базаны кеңейту қажет.

Өсіп келе жатқан сұраныс жаңа кен орындарын пайдалануға беру және газ өңдеу қуаттарын кеңейту есебінен жабылады деп күтілуде.

ҚР ЭМ НКОК акционерлерімен Қашаған кен орнын игерудің 2А-кезеңін іске асыру шеңберінде қуаты жылына 2,5 млрд м<sup>3</sup> газ өңдеу зауытын салу бойынша келіссөздер жүргізуде.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізу үшін Қарашығанақ кен орнының жылдық көлемі 9 млрд м<sup>3</sup> дейінгі шикі газы Орынбор газ өңдеу зауытында өңделеді.

Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. (бұдан әрі – ҚПО) бағалауы бойынша ӨБТК аяқталу мерзімі – 2037 жылға дейін сұйық көмірсутектерді өндіруге айтарлықтай әсер етпей, компанияның кен орнынан шикі газ өндіруді жылына 9 млрд м<sup>3</sup>-тен 13 млрд м<sup>3</sup>-ке (+4 млрд м<sup>3</sup>) дейін ұлғайту мүмкіндігі бар.

Алдағы іс-қимылды мақұлдау мақсатында ҚПО "PSA" ЖШС-мен (бұдан әрі – өкілетті орган) бірге Газ стратегиясын іске асыру жол картасын (2028 жылы газ өңдеу зауытын іске қосу арқылы жобаны іске асырудың жеделдетілген жоспары бөлінісінде) (бұдан әрі – Жол картасы) әзірледі.

Жол картасына сәйкес газ өңдеу зауытын салу жобасын іске асыру жөніндегі стандартты графикке 2030 жылы пайдалануға беру әзірлігімен 6-7 жыл уақыт кетеді.

Газ бойынша қуаттарды кеңейту мүмкіндігіне жаңа ұңғымалар мен кәсіпшілік ішінде құбыржолдарды пайдалану, Қарашығанақ қайта өңдеу кешеніндегі (ҚҚК)

қондырғыларды модификациялау, газды кешенді дайындау жаңа қондырғысы (ГКДЖҚ-4), сондай-ақ экспорттық құбыржолдар жатады.

### **Мұнай-газ химиясы және мұнай өңдеу жобалары**

Мұнай-газ химиясы өнеркәсібі еліміздің өңдеу саласын дамытудың перспективалы бағыты болып табылады және мультипликативтік әсері жоғары әрі аралас салалардағы (құрылыс, автомобиль өнеркәсібі, медицина, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тағы басқалар) өнеркәсіптік өндірістің дамуын ынталандырады.

Отандық мұнай-газ химиясы хош иісті көмірсутектерді (бензол, параксиллол), полипропиленді, жағармай, метил-терт-бутил эфирін өндіретін кәсіпорындардан тұрады, олардың жалпы қуаты жылына шамамен 1350 мың тоннаны құрайды.

Мұнай-газ химиясы өндірістерін кешенді дамыту үшін "ҰИМХТ" АЭА жұмыс істейді, салықтық және кедендік жеңілдіктер, дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көзделген.

"ҰИМХТ" АЭА аумағында қуаты жылына 339 мың тонна бутадиен мен оның туындыларын өндіретін зауыт салу және 1,25 млн тонна полиэтилен өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарланған.

"Самұрық-Қазына" АҚ мен ҚМГ стратегиялық инвестор – "СИБУР" компаниясымен полиэтилен жобасын (жылына 1,25 млн полиэтилен) бірлесіп іске асыру және полипропилен жобасын (жылына 550 мың полипропилен) бірлесіп басқару туралы келісімге қол қойған.

Бутадиен жобасы бойынша "Бутадиен" ЖШС мен Lummus Technology LLC арасында екінші іске қосу кешені шеңберінде базалық жобаны әзірлеуге арналған лицензиялық келісімге және шартқа қол қойылды, жобалық жұмыстар жүргізілуде.

Бұған қоса Атырау – Кеңқияқ мұнай құбырының кері бағыттағы қуатын жылына 6-дан 15 млн тоннаға дейін және Кеңқияқ – Құмкөл 10-нан 20 млн тоннаға дейін ұлғайту қазақстандық мұнай өндіру компанияларына, оның ішінде Шымкент МӨЗ қуатын жылына 6-дан 12 миллион тоннаға дейін ұлғайтуды ескере отырып, батыс өңірлердің (Атырау, Маңғыстау облыстары) кен орындарынан ҚР МӨЗ-ге мұнай жеткізуді ұлғайтуға, сондай-ақ Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры арқылы ҚХР-ға, оның ішінде Батыс Қазақстаннан қазақстандық жүк жөнелтушілердің экспорттық көлемдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

### **Жер қойнауын пайдалану**

Еліміздің мұнай кен орындарының негізгі қорының табиғи сарқылуынан бөлек күрделі шығындар мен геологиялық барлауға инвестиция құюдың жеткіліксіздігі мұнай өндіру деңгейінің төмендеуінің бірден-бір негізгі себебі болды.

Мәселен, жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық барлау жұмыстарына салған инвестициялары 2019 жылы 133,4 миллиард теңгені құрады, 2020 жылы 95,3 миллиард теңгеге дейін төмендеді, 2021 жылы 80,9 миллиард теңгені, 2022 жылы 135,7 миллиард теңгені құрады. Осылайша, 2019 жылмен салыстырғанда кен орнын игеруді одан әрі дамытуға және игеру тиімділігін арттыруға салынатын инвестициялар серпінінің теріс екені байқалады.

Жалпы республикадағы барлық кен орындары бойынша мұнай алудың ағымдағы коэффициентінің орташа мәні шамамен 0,15 құрайды, ал мұнай алу әдістерін қолданудың әлемдік тәжірибесін талдау осы коэффициент бойынша шамамен 0,4 – 0,5 мәнге қол жеткізуге болатынын көрсетеді.

Жалпы еліміздің мұнай өндіру саласы жұмыс істеп тұрған кен орындары сарқылуының жоғары деңгейімен, жеңіл мұнай дәуірінің аяқталуымен, теңіздегі және құрлықтағы күрделі кен орындары сияқты жер қойнауының әлеуетті жаңа учаскелерін игерудің күрделенуімен сипатталады.

Сонымен қатар Қазақстанның жер қойнауында барлау жұмыстары жүргізілмеген ірі көмірсутек қоры шоғырланған.

Мәселен, ҚР шөгінді бассейндерін кешенді зерттеу есебіне сәйкес (Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің тапсырысы бойынша орындалған) Қазақстанда көмірсутектер бойынша барлығы шамамен 76 млрд тонна шартты отынды құрайтын болжамды ресурстарымен 15 шөгінді бассейн бар (5 – игерілген, 5 – аз зерттелген және 5 – келешегі аз). Бағалау бойынша зерттелмеген және терең жатқан көкжиектерде 40 млрд тоннаға дейін көмірсутектің болжамды ресурстары шоғырланған.

Әлеуетті инвесторлар үшін болжамды ресурстары жеткілікті, аз зерттелген және күрделі учаскелер жобалардың капиталды көп қажет ететіндігіне және өзекті геологиялық деректер болмауына байланысты тартымды болмай отыр.

Халықаралық дереккөздердегі мәліметтерге сәйкес барлау табысы коэффициентінің орташа мәні 20 – 25 %-ды құрайды.

Осыған байланысты жер қойнауын пайдалануды дамыту мәселелері мемлекеттің маңызды және басым міндеті болып табылады.

Геологиялық барлауды ынталандыру және мұнай-газ кен орындарын (теңіз, құрлықтағы күрделі және газ) игеру мақсатында 2022 жылғы желтоқсанда ҚР ЭМ жер қойнауын пайдалануға арналған жақсартылған модельдік келісімшарт қабылдады.

Тартымды реттеушілік және фискалдық преференциялар жаңа күрделі жобаларды игеруді ынталандыратын болады, құрлықтағы және теңіздегі капиталды көп қажет ететін жобалар жеңілдіктер түріндегі мемлекеттік қолдаумен қамтылатын болады. Жетілген кен орындарында жаңа ынталандырушы салық режимі қолданылатын болады.

Еліміздің аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамыту жөніндегі өткір проблемаларды шешумен қатар Кешенді жоспар орнықты дамуды қамтамасыз етуге, инвестициялық тартымдылықты арттыруға және бизнестің экономикалық белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
<p>Аса ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асырудан күтілетін нәтижелер:</p> <p>1) ел бойынша мұнай өндіру деңгейін 2023 жылғы 89,9 миллион тоннадан 2027 жылға қарай 104,5 миллион тоннаға дейін ұлғайту;</p> <p>2) газ өндіру көлемін 2023 жылғы 59,1 млрд м<sup>3</sup>-ден 2027 жылға қарай 66,8 млрд м<sup>3</sup>-ге дейін ұлғайту және тиісінше, шикі газдың қосымша көлемін өңдеу, ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз ету;</p> <p>3) 2027 жылға қарай мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру көлемін жылына 1049 мың тоннаға дейін ұлғайту, қосылған құны жоғары өнім алу;</p>						
Аса ірі мұнай-газ жобаларын дамыту						
1	Теңіз кен орнында келешекте кеңейту жобасын/ҰЕҚБ жобасын аяқтау	ККЖ/ҰЕҚБ объектілерін іске қосу	2025 жыл	ҚР ЭМ	46,7 млрд АҚШ доллары	басқа көздер
2	Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы – 1А кезеңі (ККЖ-1А жобасы)	шикі газды кері айдайтын қосымша 5-ші компрессорды енгізу	2025 жыл	ҚР ЭМ	0,970 млрд АҚШ доллары	басқа көздер
2.1	Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу	компрессор іргетасын аяқтау	2024 жыл			
2.2	Іске қосу-баптау жұмыстары	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жыл			
3	Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы – 1Б кезеңі (ККЖ-1Б жобасы)	шикі газды кері айдайтын қосымша 6-шы компрессорды енгізу	2027 жыл	ҚР ЭМ	0,734 млрд АҚШ доллары	басқа көздер
3.1	Өндіру объектілерін жобалау	жоба	2024 жыл			

3.2	Мұнай айдау объектілері бойынша құрылыс жұмыстары	аралық қабылдау актісі	2025 жыл			
3.3	Компрессорлық алаңдар салу	аралық қабылдау актісі	2026 жыл			
3.4	Іске қосу-баптау жұмыстары	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жыл			
Газ жобалары (жаңа газ өңдеу қуаттарын салу)						
4	Қуаты жылына 1 млрд м <sup>3</sup> Қашаған газ өңдеу зауытын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2026 жыл	ҚР ЭМ, "Qazaq Gaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	491,9 млрд тенге	басқа көздер
4.1	Құрылыс-монтаждау жұмыстары	құрылыс-монтаждау жұмыстарының аяқталуы	2026 жыл			
5	Қуаты жылына 2,5 млрд м <sup>3</sup> Қашаған газ өңдеу зауытының құрылысын базалық жобалауды әзірлеу, 2А-кезең	базалық жобалау	2025 жыл	ҚР ЭМ	анықталады	басқа көздер
5.1	Жобалау, сатып алу және құрылыс бойынша бас мердігерді таңдау	мердігермен жобалау, сатып алу және құрылыс бойынша шарт жасасу	2025 жыл			
5.2	Қосымша келісім	мердігермен шарт	2026 жыл			
5.3	Түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мердігер компаниялар арасындағы шарт	2025 жыл			
	Қарашығанақ кен орны					

6	шикізаты негізінде қуаты жылына 4 млрд м <sup>3</sup> ( <i>қазіргі жылына 9 млрд м<sup>3</sup> қоса</i> ) газ өңдеу зауытын салуға базалық жобалауды әзірлеу	базалық жоба	2026 жыл	ҚР ЭМ, PSA (келісу бойынша), КПО (келісу бойынша)	анықталады	басқа көздер
6.1	Жобалау, сатып алу және құрылыс бойынша бас мердігерді таңдау	мердігермен жобалау, сатып алу және құрылыс бойынша шарт	2026 жыл			
6.2	Түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау	Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің қарары	2026 жыл			
7	"Бейнеу – Бозой – Шымкент" МГҚ 2-желісін салу (1-кезең)	объектіні пайдалануға қабылдау (актісі	2026 жыл	ҚР ЭМ	3,076 трлн теңге	басқа көздер
7.1	ТЭН әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2025 жыл			
7.2	ЖСҚ әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2026 жыл			
<b>Мұнай-газ химиясы және мұнай өңдеу жобалары</b>						
8	Қуаты жылына 339 мың тоннаға дейін бутадиен меноның туындыларын өндіретін зауыт салуға жобалық құжаттама әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2026 жыл	ҚР ЭМ	0,9 млрд АҚШ доллары	басқа көздер

8.1	Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу	аралық қабылдау актісі	2027 жыл			
9	Қайта өңдеу қуаты 9,1 млрд м <sup>3</sup> газ сепарациялық кешенін, оның ішінде Ұлттық қордан қаржыландыру мәселесін пысықтау	қаржыландыруды қолдау	2025 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	анықталады	басқа көздер
9.1	Жобалық құжаттама әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2025 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	анықталады	басқа көздер
10	Қуаты 1,25 млн тонна полиэтилен өндіру бойынша алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салуға ТЭН әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2024 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	7,7 млрд АҚШ доллары	басқа көздер
10.1	ЖСҚ әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2025 жыл			
10.2	Құрылысқа мердігерді таңдау	мердігермен шарт	2025 жыл			
11	Қытайлық қатысушымен "Кенқияқ – Атырау мұнай құбырының қуатын ұлғайту (жылына 6 млн тоннадан 15 млн тоннаға дейін)" жобасын іске асыру стратегиясы туралы бірлескен	хаттама	2024 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)		басқа көздер

	шешім қабылдау				анықталады	
12	Қытайлық қатысушымен "Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырының қуатын ұлғайту (жылына 10 млн тоннадан 20 млн тоннаға дейін)" жобасын іске асыру стратегиясы туралы бірлескен шешім қабылдау	хаттама	2024 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	анықталады	басқа көздер
Жер қойнауын пайдалану жобалары						
13	Көмірсутектерді іздеу бойынша Торғай палеозой (8-учаске) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу	тереңдігі 5 500 метр іздеу ұңғымасын бұрғылау	2025 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	минималды жұмыс бағдарламасы 24,6 млн АҚШ доллары	басқа көздер
14	Қаламқас/Хазар күрделі теңіз жобасы бойынша өндіруге дайындық	жобалық құжаттама дайындау; рұқсат беру құжаттарын алу; құрылыс жұмыстарын бастау	2027 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	1,48 млрд АҚШ доллары	басқа көздер
15	Құрлықтағы Қаратон – Тұз асты күрделі жобасы бойынша геологиялық барлау жұмыстарын бастау	барлау жұмыстары жобасын әзірлеу; бірінші іздеу ұңғымасын бұрғылау және сынау (зертханалық зерттеулерді қоса алғанда);	2027 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	минималды жұмыс бағдарламасы	басқа көздер

		қорларды жедел есептеу			55 млн АҚШ доллары	
16	"Рожков" кен орнын жайластыру жобасы – өнеркәсіптік игерудің 1- кезеңі	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	75,7 млн А Қ Ш доллары	басқа көздер
16.1	Бірінші ұңғыманы пайдалануға беру (U-21)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жыл			
16.2	Жайластыру объектілерін жобалауды әзірлеу	жоба	2023 жыл			
16.3	Құрылыс-мон таждау жұмыстары	аралық қабылдау актісі	2024 жыл			
17	Өріктау жобасын дамыту	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	анықталады	басқа көздер
17.1	ТЭН әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2026 жыл			
17.2	ЖСҚ әзірлеу	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	2026 жыл			
17.3	Іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу, объектіні пайдалануға беру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жыл			
18	Абай кен орнында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу	тереңдігі 2500 метр іздеу ұңғымасын бұрғылау	2025 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	14 796 млн теңге	басқа көздер
19	Әл-Фараби кен орнында геологиялық	3 D сейсмикасын ың мерзімі мен көлемінің өзгеруін ескере отырып, барлау	2025 жыл	ҚР ЭМ, ҚМГ (келісу бойынша)	32,256 млн теңге	

	барлау жұмыстарын жүргізу	жұмыстарын ың жобасына толықтыруды бекіту				басқа көздер
--	---------------------------------	--	--	--	--	--------------

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама;

ЖШС – жауапкершігі шектеулі серіктестік;

ҚМГ – "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

ҚПО – Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.;

ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

НКОК – Норт Каспиан Оперейтинг компаниясы Н.В.;

ӨБТК – өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім;

ТЭН – техникалық-экономикалық негіздеме;

ҰЕҚБ – ұңғыма ернеуінің қысымын басқару;

"ҰИМХТ" АЭА – "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы;

"QazaqGaz" ҰК" АҚ – "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.